



# БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ ПАСПОРТЫ

## • 6B01506 физика-информатика

<b>БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫНЫҢ МАҚСАТЫ</b>	Әлеуметтік және азаматтық жауапкершілігі жоғары, кәсіби қызметті келесі бағыттарда жүзеге асыруға қабілетті физика және информатика бойынша мұғалімдерді даярлау: оқушының жан-жақты дамыған тұлғасын тәрбиелеу және қалыптастыру; физика және информатика саласында жүйеленген білімді қалыптастыру; қазіргі заманғы ғылыми-әдістемелік деңгейде физика және информатика бойынша оқу процесін ұйымдастыру; жобалау қызметін ұйымдастыру.
<b>КӘСІБИ ҚЫЗМЕТ САЛАСЫ</b>	<ol style="list-style-type: none"><li>1) <b>Оқыту:</b> оқу ақпаратын таратады, өз бетінше білім алуға үйретеді;</li><li>2) <b>Тәрбиелеуші:</b> білім алушыларды әлеуметтік құндылықтар жүйесіне қосады;</li><li>3) <b>Әдістемелік:</b> білім беру процесін әдістемелік қамтамасыз етуді жүзеге асырады;</li><li>4) <b>Зерттеушілік:</b> білім алушылардың білім мазмұнын меңгеру деңгейін зерттейді, білім беру ортасын зерттейді;</li><li>5) <b>Әлеуметтік-коммуникативтік:</b> кәсіби қоғамдастықпен және білім берудің барлық мүдделі тараптарымен өзара іс-әрекетін жүзеге асырады.</li></ol>

## ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІ (ОН)

- ОН1** – қоршаған ортаның ақиқатын философиялық және қоғамдық-әлеуметтік білімдердің негізін біле отырып қалыптасқан дүниетаным қағидалары негізінде *бағалауға*, отан сүйгіштік пен азаматтық ұстанымды қалыптастыру үшін тарихи дамудың негізгі кезеңдерін және заңдылықтарын *сараптауға қабілетті*;
- ОН2** – тұлғааралық, мәдениетаралық және кәсіби өзара әрекеттесу міндеттерді шешу үшін қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде ауызша және жазбаша түрде коммуникацияны *пайдалана алады*;
- ОН3** – ақпараттарды сақтаудың, өңдеудің негізгі әдістерін, амалдарын және құралдарын *біледі*, компьютерде ақпаратты басқару құралы ретінде, танымдық және кәсіби қызметте әр түрлі дереккөздерден алынған ақпараттармен жұмыс жасау *дағдыларын меңгерген*;
- ОН4** – интеллектуалды, мәдени, өнегелілік, физикалық және кәсіби өзін өзі дамыту бойынша келешегі жарқын амалдарды жасауға және жүзеге асыруға *қабілетті*;
- ОН5** – әлеуметтік, жас ерекшелігін, психофизикалық және білім алушының жеке дара ерекшеліктерін, сондай-ақ білім алушылардың ерекше білім беруді талап ететін жағдайларын ескере отырып білім беру, тәрбие және дамуды *жүзеге асырады*;
- ОН6** – оқу-тәрбие процесін білім беру саласындағы нормативті-құқықтық актілерге сәйкес психолого-педагогикалық сүйемелдеу әдістерін *меңгерген*;
- ОН7** – өзінің болашақ мамандығының әлеуметтік маңызын *ұғынады*, кәсіптік қызметін жүзеге асыруға ынтасы бар, кәсіби әдеп және сөйлеу мәдениетінің негіздерін меңгерген, негізгі теориялық білімін кәсіби мәселелерді шешу барысында қолдана алады;
- ОН8** – физиканың іргелі заңдарын түсінетінін көрсетуге қабілетті, физикалық ақпаратты өңдеу, талдау және жинақтаудың заманауи әдістерін қолдануға қабілетті, абстрактылы ойлауға және математикалық, есептеу және эксперименттік дағдылармен толықтырылған ғылыми талдау жасауға қабілетті;
- ОН9** – физикалық құбылыстарды теориялық түрде модельдеп, эксперимент жүзінде зерттей алады, тәжірибе жүзінде физикалық зерттеулерді жоспарлау, ұйымдастыру және жүргізу негіздерін түсінуге және қолдануға қабілетті;
- ОН10** – нақты кәсіби мақсаттар үшін жаңа білім мен дағдыларды меңгеру жоспарын жасап, енгізіп, және жетілдіруге, сондай-ақ, командада жұмыс жасауға, ғылыми байланыстың күшті жақтарын қолдануға, білім мен тәжірибенің ағымдағы күйін сыни тұрғыдан бағалауға қабілетті,
- ОН11** – тәжірибеде негізгі кәсіби дағдыларын қолдана алады, мектеп оқушыларының пәнді меңгеру шеберлігі мен дағдыларының әдістерін, сондай-ақ физикаға деген қызығушылықтарын қалыптастыру және физикадан алған білімін күнделікті өмірде қолдануды оқушыларға үйрету тәсілдерін меңгерген.